

ЖОО-да білім алушылардың оқытушының жетекшілігімен өздік жұмыстары (БӨӨЖ)

ЖОО-да білім алушыларды мамандыққа даярлауда БӨӨЖ-дің тиімділігі білім алушылардың оқу материалдарын қорытындылау, терең игеру, жаңа білім алуында маңызы зор.

БӨӨЖ-дің негізгі мақсаты – оқу материалдарын игеруде өзбетінше жұмыс жасауға үйрету болып табылады. БӨӨЖ дәріс сабағында берілетін теориялық материалдармен және семинар сабақтарының практикалық жұмыстарымен, т.б. сабақтармен логикалық түрде тығыз байланысты.

БӨӨЖ-дің тапсырмалары оқуға қажетті материалдарды тауып, ақпараттар іздестіруі үшін білім алушыларға алдын-ала беріледі.

БӨӨЖ үш негізгі:

- 1) кіріспе;
- 2) білім алушылардың берілген тапсырма бойынша өздік жұмыстары;
- 3) қорытынды бөліктерден құрылады.

Кіріспе бөлікте (5-10 мин) оқытушы оқу материалдарын терең игеру, оны практикалық орындау бойынша білім алушыларды бағдарлайды (қосымша әдебиеттер тізімі, ақпаратты іздестіру, өздік жұмысты орындауды тексеру, т.б.).

Білім алушылардың берілген тапсырма бойынша өздік жұмыстары бөлігінде (7-10 мин) оқытушы білім алушыларға тапсырмаларды орындауына толық мүмкіндік береді. Оқу жетістіктерінің нәтижесінің әдістемесін:

- оқу-әдістемелік материалдарды зерделеу, игеру реттілігі, оқу құралдары, техникалық құралдар;
- оқу материалдарының, жинақталған мәліметтердің негізгісін анықтау;
- білім алушылардың өздік жұмыстарын талдау, т.б. оқытушы анықтап береді.
- қорытынды бөлікте (10-15 мин) білім алушылар берілген тапсырмаларды аудитория алдында дәлелді түрде қорғайды.

БӨӨЖ ұйымдастыру түрлері мен формалары

Білім алушының оқу іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті
1. Оқу материалдарын конспекттеу	Бағалау мақсатында тексеру
2. Әдебиеттерге талдау жасау	Тақырып таңдау және тексеру Оқу материалдарының қысқаша мазмұнын ұсыну
3. Зерттеу-ізденіс сипатындағы тапсырмаларды орындау	Зерттеу-ізденіс сипатындағы тапсырмаларды құрастыру, тақырыпқа сәйкес әдебиеттер тізімін жасау Білім алушылармен ұсынылған әдебиеттерге талдау жасау, оқу іс-әрекетінің жоспарын құру, ақпарат жинақтау әдістемесін ұсыну.

4. Дәрісте берілген оқу материалдарын өңдеу. Ұсынылған әдебиеттерді толықтыру.	Талқыланатын оқу материалдары тақырыбын анықтайды, оқу материалдарының қысқаша мазмұнын және оқу әдебиеттерін ұсынады.
5. Жинақталған материалдар бойынша тапсырмаларды орындау, аудиторияға түсіндіру	Жоспар құру, тапсырмалар құрастыру, тапсырмаларды тексеру.
8. Бақылау жұмыстарын өзбетінше орындау	Бақылау жұмыстарын тақырыбын анықтау, білім алушыларға кеңес беру, т.б. Бақылау тапсырмаларын дайындау, тексеру.

Геоинформатика курсы бойынша БООЖ тапсырмалары

№ р/с	Тақырыбы	Орындау формасы	Сағат саны
1.	Геоинформатика ғылыми-танымдық, техникалық және өндірістік ұстанымдарын талдау	Тақырып бойынша топпен жұмыс жасау (сызбанұсқа, презентация, кесте)	1
2.	Геоинформатика – геоақпараттық ресурстарды түрлендірудің теориялық негізі	Ұсынылған тақырып бойынша эссе жазу	1
3.	Үстелдік ГАЖ-дың ашық (open source) немесе тегін бағдарламалық жасақтамаларында жұмыс	Таңдау бойынша 1 ГАЖ бағдарламасымен таныстыру	1
4.	ГАЖ серверлері. Ғаламдық геоақпараттық бағдарламалар	Презентация жасау	1
5.	Қазақстандағы аймақтық және жергілікті геопорталдар және олардың геоақпараттық негізіне талдау	Тақырып бойынша топпен жұмыс жасау (сызбанұсқа, презентация, кесте)	1
6.	Аймақтық өзгерістерді картографиялық бейнелеу тәсілдері арқылы көрсетудің мысалдарын келтіру	Картографиялық бейнелеу тәсілдерін қолданудың жолдарын көрсету	1
7.	Геоақпараттық технологиялар мен ресурстарды ойындар	Ойындар мен жаттығулар құрастыру	1

	мен жаттығулар құрастыруда қолдану		
--	---------------------------------------	--	--